

БЕКІТЕМІН
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы


С. Дауешова
«28» 2023ж.

«ҮЗДІК ЖАС ПЕДАГОГ-2023» ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Үздік жас педагог-2023» байқауының (бұдан әрі – «Байқау») мақсаттарын, міндеттерін, өткізу, қатысу және қорытындысын шығару тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Білім басқармасы мен Астана қаласы білім беру қызметкерлері кәсіподағының қолдауымен өткізеді.

1.3. Байқауды өткізу мерзімділігі - жылына бір рет. Байқау туралы ақпарат Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және білім беру қызметкерлері кәсіподағының сайтында жарияланады.

1.4. Мақсаты:

- жас педагогтер арасынан талантты және шығармашыл педагогтерді анықтау;

1.5. Міндеттері:

- педагогтердің шығармашылық ізденістерін, олардың одан әрі зияткерлік және кәсіби өсуін ынталандыру;
- жас педагогтердің үздік тәжірибесін тарату;
- ТжКБ педагогтерінің имиджін арттыру.

II. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

2.1. Жалпы білім беретін және арнайы пәндер оқытушылары, педагог-психолог, өндірістік оқыту шеберлері.

Қатысушының педагогикалық өтілі 3 жылға дейін, оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдануы талап етіледі.

2.2. Әр ұйым 3 қатысушыға дейін ұсына алады.

2.3. Байқау өткізу тілі - қазақ, орыс.

III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен байқаудың қазылар алқасы құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің мүшелері мен қазылар алқасы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК директорының бұйрығымен бекітіледі (келісім бойынша).

3.3. Қазылар алқасы Астана қаласы Білім басқармасының, Әдістемелік орталығының, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, Білім беру



қызметкерлерінің қалалық кәсіподағының өкілдерінің, тәжірибелі педагогтардың, кәсіби педагогикалық шеберлік байқауларының жеңімпаздарының, әлеуметтік серіктестердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің қатарынан қалыптасады.

IV. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

1 кезең - өтінімдерді тіркеу. Байқауға қатысушылар өтінімдерді 2023 жылдың 20 қазанына дейін келесі сілтеме бойынша - https://drive.google.com/drive/folders/1V61uQR6_eez7iRp8NHtBn8ZlkXpw4eFI?usp=drive_link «Үздік жас педагог -2023» республикалық байқауы Googl-дискісіне салады.

Өтінім мен байқау материалдары бір папкаға жүктеліп, папка атауында тегі, инициалы, колледж атауы көрсетіледі (үлгі: «Айдарова А.Т, Педагогикалық колледж»).

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс телефондары:

- Исина Н.С. - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс телефоны 8(701)6447318;
- Сейдахметова Б.К. - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс телефоны 8(777)5338769;
- Давлетбаева Р.Қ. - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс телефоны 8(707)3234280.

2 – кезең - конкурстық материалдарды сараптау- 2023 ж. 23-31 қазанға дейін;

3 - кезең - конкурстың қорытындысын шығару-2023 ж. 09 қараша.

Байқау тапсырмалары

1. «Менің мамандығым – педагог» визиттік карточкасы.

Байқауға қатысушының визит карточкасы педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және сабақтан тыс қызмет нәтижелерінің динамикасы туралы түсінік береді. Сөз сөйлеу 3 минуттан аспау қажет. Презентация 5 слайдтан артық емес.

Бағалау критерийлері:

- Педагогикалық қызмет туралы мәліметтердің қысқалығы мен сыйымдылығы (3 ұ);
- Педагогтың жетістігі (10ұ);
- Эстетика және материалды беру мәдениеті (3ұ);
- Ерекшелік және қабылдауға тиімділігі (5ұ)

2. Жаңашыл технологияларды және сандық ресурстарды қолдана отырып, жаңа оқу материалын түсіндірудің үзіндісі (10-15 мин)

Бағалау критерийлері:

- Тақырыпты ашудың инновациялылығы мен тереңдігі (5ұ);
- Материалды ұсынудың әдістемелік тәсілдерінің әртүрлілігі, орындылығы және бірегейлігі (5ұ);
- Студенттер әрекетінің жоғары қарқындылығына қол жеткізу және қолдау білігі (5ұ);
- Дербес іздестіру қызметін ұйымдастыра білу (5ұ);
- Көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті (5ұ).

Байқау материалдарын сараптау барысында 40-тан жоғары ұнай жинаған қатысушылар байқаудың III кезеңіне жіберіледі.

3. Байқаудың қорытынды кезеңі – III-ші кезеңі (тікелей қатысу арқылы өтеді): «ТжКББ-гі нормативтік-құқықтық актілер» блиц-турнирі (әр дұрыс жауапқа – 1ұ.) және «Менің педагогикалық лайфхактарым» шығармашылық тапсырмасын орындауды қамтиды.

«Менің педагогикалық лайфхактарым» шығармашылық тапсырмасын бағалау критерийлері:

- Білім беру және әдістемелік құндылығы (5ұ);
- Ұсынылған инновациялардың жаңалығы (бірегейлігі) (5ұ);
- Оқу үрдісінде кеңінен қолдану мүмкіндігі (5ұ);
- Қолдану тиімділігі (5ұ);
- Ақпарат беру мәдениеті (5ұ).

Қатысушылардың байқау материалдары рецензияланбайды, қайтарылмайды. Белгіленген мерзімнен кейін жіберілген материалдар қабылданбайды.

V. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

5.1 Байқаудың барлық кезеңдерінің нәтижелері бойынша жинаған ұпай санына сәйкес орындарды бөлу.

5.2. Байқау нәтижесі бойынша «Үздік жас педагог-2023» жеңімпаздары анықталады (1, 2, 3 орын).

5.3. Байқау жеңімпаздары Астана қаласының әкімдігінің Әдістемелік орталығы мен Астана қаласының Білім беру қызметкерлері кәсіподағының дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

5.4. Байқау барысында 40-тан жоғары ұпай жинаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

ЕРЕЖЕДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

1. Визиттік карточка - адам немесе ұйым туралы маңызды ақпараттың дәстүрлі тасымалдаушысы.

2. Әдістеме - оқытушылық қызмет нәтижесінде зерттелген және сыналған әдістер мен тәсілдердің жиынтығы.

3. Сабақ – білім алушы зерттелетін материалды меңгеру мақсатында (білім, білік, дағды, дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық идеялар) оқытуды ұйымдастыру нысаны.

4. Білім беру технологиясы - процеске қатысушыларға қолайлы жағдай жасау кезінде нақты нәтижеге қол жеткізу үшін білім беру процесін жобалау, ұйымдастыру, бағдарлау және түзету бойынша студент пен оқытушының бірлескен іс-әрекетінің технологиялық жүйесі.

5. Ресурстық қамтамасыз ету - білім беру мақсатына қол жеткізуге бағытталған оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық, ақпараттық құралдардың жиынтығы.

6. Инновация - бұл процесс тиімділігінің сапалы өсуін қамтамасыз етуге еңгізілген жаңалық. Бұл адамның зияткерлік іс-әрекетінің, оның қиялының, шығармашылық процесінің, рационализациясының түпкі нәтижесі.

7. Лайфхак (лайфхакинг, ағылш. life hacking) - "өмірдің қулықтары", пайдалы кеңестер, белгілі бір әрекетті орындау және мақсатқа тезірек және оңай жету әдісі.

Астана қаласы техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдарының оқытушылары үшін
«Үздік жас педагог – 2023» байқауына қатысуға
ӨТІНІМ

1. Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен) _____

2. Туған жылы, айы, күні _____

3. Білім беру ұйымы _____

Мекен-жайы:

қала _____

көше _____

телефон _____

е-mail _____ (міндетті түрде көрсету)

4. Білімі (оқу орны, бітірген жылы, мамандығы) _____

5. Қатысушының біліктілік санаты _____

6. Педагогикалық еңбек өтілі _____

7. Байқауға ұсынылған оқыту пәні _____

Толтырылған күні _____

Қатысушының қолы _____

Директор _____
қолы

Аты-жөні